

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Көбейту мен бөлудің қасиеттерін есептеулерде қолдану

ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/32188/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Кусайнова Венера Кажмеденовна**

Бастауыш сынып мұғалімі: Кусайнова Венера Кажмеденовна

**Пәні:** математика Сыныбы: 4 «В»**Сабақтың тақырыбы:** Көбейту мен бөлудің қасиеттерін есептеулерде қолдану.**Сабақтың мақсаты:** Көбейтудің тиімді әдістерін қолдану арқылы меңгерту, естесіңіз жолдарыңызды есіңіз, білім, біліктерін кеңейту, есептеу машығын жетілдіру.**Күтілетін нәтижесі:** Көбейтудің тиімді әдістерін қолдана алады, өрнектерді жазып, оның мәнін таба алады, амалдарды тиімді тәсілмен есептей біледі.**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** «Жұлдызша таңдап ал», көркем жазу, «Кел, ойнайық!», «Сәйкестендір»**Құрал-жабдықтар, көрнекілік:** кеспематериалдар, стикерлер, маркер, плакат**Сабақтың барысы****Психологиялық дайындық.**

«Төртбұрыштар әні»

**Артикуляциялық жаттығулар****«Серуен» жаттығуы****Сипаттамасы:** Езу тартып күліп, тілдің жалпақ ұшын, төменгі ерін үстіне қойылады.

Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру керек

**«Сағат» жаттығуы.**

**Сипаттамасы:** тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек

**«Ине» жаттығуы**

**Сипаттамасы:** ауызды кең ашып, тілді мұрынға қарай жіңішкертіп шығару.

**«Алтыбақан» жаттығуы**

**Сипаттамасы:** жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созу жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек.

**«Футбол» жаттығуы.**

**Сипаттамасы:** ауыз жабық күйде. Тілімізді ұртымызға батыра тигіземіз.

**«Тәтті тосап» жаттығуы.**

**Сипаттамасы:** Ауызды сәл ашып, жалпақ тілдің алдыңғы шетімен жоғарғы

ерінді жоғарыдан төменге (бірақ оңға-солға емес) қарай жалау.

**Өткенді еске түсіру.**

Ойланып, есепті шығарып көр. Көбейту кестесін еске түсіру.

**Анықтама**

Бірге көбейтсе де, бөлсе де сол санның өзі шығады екен. Оңға көбейту кезінде санның оң жағына бір нөл жазылады. Ал, оңға бөлу кезінде бөлінгіштің соңындағы бір нөльді алып тастайсың.

**Жаңа сабақ.**

- $8 \cdot 7 = 56$                        $7 \cdot 8 = 56$
- $80 \cdot 7 = 560$      $7 \cdot 8 = 560$
- $800 \cdot 7 = 5600$      $7 \cdot 800 = 5600$
- Көбейткіштердің орындарын ауыстырғаны мен көбейтіндінің мәні өзгермейді. Бұл – көбейтудің **ауыстырымдылық** қасиеті.
- $(200+50) \cdot 3 = 200 \cdot 3 + 50 \cdot 3 = 750$
- Қосындыны санға көбейту үшін әр қосылғышты сол санға көбейтіп, сонда шыққан көбейтінділердің мәндерін қосуға болады. Бұл – көбейтудің қосуға қатысты **үлестірімділік** қасиеті.

$$4 \cdot 2 \cdot 5 = 40 \qquad 4 \cdot (2 \cdot 5) = 40$$

$$40 \cdot 2 \cdot 5 = 400 \qquad 40 \cdot (2 \cdot 5) = 400$$

$$400 \cdot 2 \cdot 5 = 4000 \qquad 400 \cdot (20 \cdot 5) = 4000$$

- Көршілес көбейткіштерді олардың көбейтіндісімен алмастыруға болады. Бұл – көбейтудің **терімділік** қасиеті.
- **Кез келген сан мен 0 - дің көбейтіндісінің мәні 0 - ге тең.**

$$0 \cdot 20$$

$$20 \cdot 0$$

$$0 : 20$$

**Есіңе сақта!** Санды нөлге бөлуге болмайды.

**Көркем жазу: 26**

**Жеке жұмыс**

$$(30 + 7) \cdot 2 = 30 \cdot 2 + 7 \cdot 2 = 74$$

$$(300 + 70) \cdot 2 = 300 \cdot 2 + 70 \cdot 2 = 740$$

$$(3000 + 700) \cdot 2 = 3000 \cdot 2 + 700 \cdot 2 = 7400$$

$$(30.000 + 7000) \cdot 2 = 30.000 \cdot 2 + 7000 \cdot 2 = 74000$$

Көбейтудің қандай қасиетін қолдандық?

-Үлестірімділік қасиетін

**Кітаппен жұмыс № 5**

**Шарты**

1 кг – 160 г

1т — ? кг

Шешуі: 1т = 1000 кг

$$160 \cdot 1000 = 160\,000 \text{ г} = 160 \text{ кг}$$

**Жауабы:** 1 тонна сүйектен 160 кг желім алынды.

**Үй құрастыру ойыны № 2**

$$20 \cdot 1 = 20$$

$$20 : 1 = 20$$

$$200 \cdot 1 = 200$$

$$200 : 1 = 200$$

$$2000 \cdot 1 = 2000$$

20 :20 = 1

### **Дұрыс -дұрыс емес**

1.Көбейту мен бөлу кері амалдар. (дұрыс)

2.Көбейтіндінің мәнін көбейткіштердің біріне бөлсе,онда екінші көбейткіш шығады.(дұрыс)

3.Бөліндінің мәнін бөлгішке көбейтсе,қайтадан бөліндінің мәні шығады.(дұрыс емес)

4.Кез келген санды бірге көбейтсе де,бөлсе де сол санның өзі шығады.(дұрыс)

5.Оңға көбейту кезінде санның оң жағындағы бір нөльді алып тастаймыз.(дұрыс емес)

### **Сәйкестендір**

42 : 3                      6500

1400 \* 1                    0

0 : 132                      14

65 \*100                    1400

### **Сабақты қорыту**

-Көбейтудіңқандай қасиеттерін пайдаланып есептеулер жүргіздік.

-Санды 1- ге көбейткенде не шығады?

-Қандай пішіндермен жұмыс жасадық?

**Үйге тапсырма:** 8- мысал, 72 бет

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.